

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



**ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР КОНТЕКСІНДЕГІ  
ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ: ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУДІҢ  
ЖАҢА ТАЛАПТАРЫ**

**халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның  
материалдар жинағы  
25 сәуір 2023 жыл**

**СТРАНЫ ВОСТОКА В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННЫХ  
МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ: ПРОБЛЕМЫ И НОВЫЕ  
ПОДХОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ**

**сборник материалов  
международной научно-практической конференции  
25 апреля 2023 г.**

**collection of materials  
international scientific and practical conference  
THE COUNTRIES OF THE EAST IN THE CONTEXT OF  
MODERN INTERNATIONAL RELATIONS: PROBLEMS AND  
NEW REQUIREMENTS FOR RESEARCH**

**25 April, 2023**

**НҮР-СҰЛТАН  
2023**

УДК 327  
ББК 66.4  
Қ22

**Ұйымдастыру комитеті**

**Төраға:**

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ басқарма төрағасы-ректор

**Төрағаның орынбасарлары:**

Мақыш С.Б., Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор  
Құрманғалиева Ж.Д., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерцияландыру және  
интернационалдандыру жөніндегі проректор

**Мүшелері:**

Қосыбаев М.М., Калиева А.Б., Биримқұлова Г.У., Тулеубаева С.А., Әлібекұлы А.

**Құрастырған:** Әлібекұлы А.

**Қазіргі халықаралық қатынастар контексіндегі шығыс елдері: проблемалары және зерттеудің жаңа талаптары.** Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы – Нұр-Сұлтан, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 112 бет.

**ISBN 978-601-337-866-4**

Бұл жинаққа қазіргі шығыс елдерін зерттеудің теориясы мен методологиясын, Таяу Шығыс, Шығыс Азия, Оңтүстік Азия және Орталық Азиядағы аймақтық мәселелерді, шығыс елдерінің тарихын, мәдениетін, тілін, әдебиетін, экономикасын, әлеуметтік жағдайларын қарастырған ғалымдардың, докторанттар мен магистранттардың мақалалары енгізілді.

Жинақты шығыс елдерінің дамуы мен рухани құндылықтарына қызығушылық танытқан шығыстанушылар, аймақтанушылар, филологтар және тарихшылар ғылыми-ізденіс жұмыстары барысында қолдана алады.

*Мақалалар авторлық редакцияда жарияланды.*

**ISBN 978-601-337-866-4**

УДК 327  
ББК 66.4



© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023

Қазақстан үшін де үлкен рөл ойнайды, өйткені Қытай өз кезегінде әлемдік саясатта басыңқы жағдайға ие болуға ұмтылса, Тәуелсіз Қазақстан үшін де бұл ұмтылыс Қазақстан ұсынған «Үш Д» жаһандық келіссөз бастамасы арқылы іске асса, нәтижесін береді деген үміттеміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Электрондық ресурс: [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz) қаралған күн: 1.04.2023
2. Токаев К.К. Казахстан - Европейский Союз: отношения делового сотрудничества // Казахстан и Европейский Союз. Сборник документов и материалов. - Алматы, 1997
3. Электрондық ресурс: <https://e-history.kz/kz/contents/view/2399> қаралған күн: 3.04.2023
4. Борко Ю. «Европейский союз: углубление и расширение интеграции» - «МЭиМО», №8, 2000.
5. Электрондық ресурс: <https://www.inform.kz/kz/> қаралған күн: 20.04.2023

## **ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ҚЫТАЙ ФАКТОРЫ**

*Абжаппарова Бибіхадия Жүрсінқызы<sup>1</sup>*  
[Hadisha\\_1960@mail.ru](mailto:Hadisha_1960@mail.ru)

**Түйіндеме.** Мақалада Орталық Азиядағы Қытай факторына талдау жасалған. Орталық Азиядағы Қытайдың экономикалық ықпалы ашып көрсетілген. «Бір белдеу, бір жол» қытай жобасына қатысып отырған Орталық Азия мемлекеттерінің мүдделері айқындалған ҚХР өзінің аймақтық және жаһандық амбицияларын жүзеге асыруда Орталық Азия елдері маңызды рөл атқаратындығы сараланған. Сонымен Қытайдың болашақта доллардың делдалдығынсыз резервтік валюта аймағының жаңа баламалы есеп айырысу жолын құру мен юаньды интернационализациялау үдерісін жеделдетуді жоспарлап отырғандығына талдау жасайды.

**Кілт сөздер:** Қытай Халық Республикасы, Орталық Азия, Бір белдеу, бір жол, Еуропаға транзиттік дәліздер, миграциялық саясат, мәдени ықпал, аймақтық қауіпсіздік, экономикалық ынтымақтастық.

**Аннотация.** В статье анализируется Китайский фактор в Центральной Азии. Выявлено экономическое влияние Китая в Центральной Азии. Определены интересы государств Центральной Азии, участвующих в китайском проекте «Один пояс, один путь», и отмечено, что страны Центральной Азии играют важную роль в реализации региональных и глобальных амбиций КНР. Таким образом, анализируется, что в будущем Китай планирует создать новую альтернативную систему расчетов резервной валютной зоны без посредничества доллара и ускорить процесс интернационализации юаня.

---

<sup>1</sup> Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, тарих ғылымдарының докторы, профессор м.а. Астана, Қазақстан.

**Ключевые слова:** Китайская Народная Республика, Центральная Азия, «Один пояс, один путь», транзитные коридоры в Европу, миграционная политика, культурное влияние, региональная безопасность, экономическое сотрудничество.

**Abstract.** The article analyzes the Chinese factor in Central Asia. The economic influence of China in Central Asia is revealed. The interests of the states of Central Asia participating in the Chinese project "One Belt, One Road" are defined, and it is noted that the countries of Central Asia play an important role in the realization of the regional and global ambitions of the People's Republic of China. Thus, it is analyzed that in the future China plans to create a new alternative settlement system of the reserve currency zone without the mediation of the dollar and accelerate the process of internationalization of the yuan.

**Keywords:** People's Republic of China, Central Asia, "One Belt, One Way", transit corridors to Europe, migration policy, cultural influence, regional security, economic cooperation.

Орталық Азиядағы Қытай факторын зерттеу қазіргі Орталық Азия мемлекеттерін әртүрлі және күрделі мәселелерін зерттеудің көптеген деректік базалардың кеңеюімен тікелей байланысты. Тәуелсіздік алған уақыттан бері өздерінің көпвекторлы саясаты аясында көп мемлекеттермен мүдделері тоғысып отыр. Осы геосаяси үдерісте соңғы жылдары Қытай да белсенділік танытып отыр.

Қытай экономикалық дамуы, сауда экспансиясы, ірі демографиялық күші арқасында мықты әскери және экономикалық державаға айналып жыл өткен сайын әлемдік істерде үлкен рөл атқаруға тырысып отыр.

Мұндай ниеттері Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Бас Хатшысы және ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Қытай Коммунистік партиясының 2017 жылғы 18 қазандағы 19 съезінде сөйлеген сөзінде: «қытайлық үлгідегі социализм жаңа дәуірге» қадам басатынын және ХХІ ғасырдың ортасында ҚХР «қазіргі ұлы социалистік державаға» айналдыру жоспарын мәлімдеген еді [1, 162 б.].

Қытайдың белгіленген көптеген ниеттері орындалды. Ол әлемдік саудадан басымдық танытып, ал 2016 жылғы 1 шілдеден бастап қытай юаны ресми түрде ХВҚ-ның (Халықаралық Валюта Қорының) (АҚШ доллары, евро, жапон иені, британ фунтымен қатар) бесінші резервтік валютасына айналды. Бұрын Қытайдың Халық банкі 2015 жылдың қазанынан бастап тәуекелді азайту және өзінің валюталық операцияларының тиімділігін арттыру мақсатында өздерінің жеке халықаралық төлем жүйесін CIPS (The China International Payment System) іске қосты, ал екі жылдан кейін Қытай валюта сауда жүйесі (China Foreign Exchange Trade System – CFETS) трансакцияны юань және ресей рублінде жүргізудің жаңа төлемдік жүйесінің құрылғандығын жариялады. CFETS мұндай жүйені юань және басқа да валюталармен Орталық Азия елдері қатысатын «Бір белдеу, бір жол» қытайдың жобасы аясында жоспарын жүзеге асырып отыр. Осыған байланысты Пәкістанның Орталық банкі қытайдың юанын екі жақты саудада және инвестициялық белсенділікті арттыру мақсатында пайдалану жөнінде 2018 жылдың 3 қаңтарында қабылдаған шешімін, Пәкістанның доллардан бас тартуы деп бағалауға болады. Сонымен Қытай болашақта доллардың делдалдығынсыз резервтік валюта аймағының жаңа баламалы есеп айырысу жолын құру мен юаньды интернационализациялау үдерісін жеделдетуді жоспарлап отыр.

2022 жылғы 16-22 қазанда Бейжіңде ҚХР басқаратын Қытай Коммунистік партиясының (ҚКП) 20-шы съезі өтті. 23 қазанда ҚКП 20-шы Орталық Комитетінің 1-пленумы өтіп, онда ҚКП ОК Бас хатшысы, Саяси бюро және оның тұрақты комитеті сайланды. Бұл оқиғалар ҚХР саяси үдерісіндегі алдыңғы бесжылдық циклдің аяқталуын және Қытайдағы Си Цзиньпиннің жаңа, қазірдің өзінде үшінші бесжылдық циклінің басталуы болды.

Құжаттың атауы Қытайдың революциялық баяндауының ең жақсы дәстүрлерінде: «Қытайлық сипаттағы социализмнің ұлы туын биік ұстай отырып, жаңарған социалистік мемлекетті жан-жақты құру үшін бірігіп күресу» екенін атап өткен жөн. «Модернизацияланған социалистік мемлекетті» құру Қытай Коммунистік партиясының қазіргі мақсаты болып табылады, ол 2049 жылға қарай (ҚХР-ның 100 жылдығына) қоғамның осындай даму жағдайына қол жеткізу қажет екенін білдіреді. «Қытайлық сипатқа ие социализмнің ұлы туы» осы мақсатқа жетудің құралы болып табылады, өйткені Қытай жергілікті жағдайларды (соңғы уақытқа дейін кедей халықты), жергілікті дәстүрлерді (соның ішінде конфуцийшілдік пен қытайлардың бұрынғы ұрпақтарының революциялық тәжірибесін) коммунистер ескеруі керек), демек, «социализмді құрудың классикалық үлгісінен» ауытқулар жасауға болады, атап айтқанда, нарықтық механизмдерді қолдануға болады деп дәйектейді [2].

Қытай экономикалық ықпалымен қатар әлем аймақтарында – Африкада, Таяу Шығыста, Оңтүстік-Қытай теңізінде, Ауғаныстанда әскери-саяси жағынан қатысып, Африка Мүйісі аумағындағы теңіз қарақшыларына қарсы өздерінің әскери флотының іс-қимылдарын жүргізіп, (Инжу алқасы) сауда порттарын салып, сонымен қатар қытай әскери кемелерінің Үнді мұхитына шығуы үшін 2017 жылдың шілде айынан бастап Джибути үшін стратегиялық жағынан маңызды әскери-теңіз базасын жасап, Пәкістанда Гвадарға таяу жерде де әскери-теңіз базасы құрылысын салды.

ҚХР өзінің аймақтық және жаһандық амбицияларын жүзеге асыруда Орталық Азия елдері маңызды рөл атқарады. Си Цзиньпин 2013 жылы күзде Орталық Азия елдері мен Индонезияға барған сапары барысында «Жібек жолының экономикалық белдеуі» мен «XXI ғасырдың Теңіз жолын» теңіз және құрғақтағы жолды - «Бір белдеу, бір жолға» біріктіргендігін тұңғыш рет жариялады. Қытай көшбасшысы Қытай өзінің бұл жобаларын жүзеге асыра отырып Орталық Азиядағы сауда экономикалық белсенділігін арттыруды көздеп отырғандығын көрсетті.

Қытай тауарларының аймақтық нарықтары ретінде өз мемлекеттерінің тартымдылығы: Қытайдың Орталық Азияның энергетикалық ресурстарына (ең алдымен мұнай мен газға) қызығушылығы, Қазақстан, Өзбекстан және Түркіменстанның көмірсутегі шикізатын игеру мен тасымалдауға инвестиция салуға дайындығы, Орталық Азия елдерінің «Еуропаға транзиттік дәліздер» ретіндегі аумақтардың әлеуеті, Еуропаға тауар жеткізу, бизнес пен коммуникацияны дамыту – Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастықты дамытуды стратегиялық маңызды ететін факторлар болып табылады. Олармен өзара әрекеттесу ауқымы бойынша Қытай Ресейден, АҚШ-тан, ЕО-тан ғана емес, сонымен қатар Азиядағы аймақтық ойыншылардан да асып түседі.

Қытай Орталық Азиядағы Қазақстанға ерекше мән береді, ол Қытай инвестициясының өсуімен қатар азиялық көршімен сауда көлемін ұлғайтып отыр. Қытайдың Қазақстанмен арадағы ынтымақтастығы Жібек жолы экономикалық белдеуімен қабысатын «Қазақстан - 2050» бағдарламасы аясында, бірлескен индустриалдық жобаларды жүзеге асырумен байланысты орындалып, Қытай көрші мемлекеттің аумағына артық өндірістік күштерін шығаруды да жоспарлап отыр.

Қытай үшін Қазақстан маңызды серіктестердің бірі болып табылады. Қазақстан Қытайға мұнай мен газдан басқа мыс, темір және мыс рудаларын, феррокорытпаларды, уран, мырыш, бидай және өсімдік майларын экспорттайды, Қытай электроника, электр жабдықтары, құбырлар, көліктер, құрылыс жабдықтары, киім-кешек және т.б. экспортқа шығарады. Ең бастысы, Қазақстан Қытай үшін негізгі логистикалық хаб болып табылады. Ол арқылы Қытай Түркіменстан мен Өзбекстаннан газ алады. Қытай тауарлары Орта және Таяу Шығыс пен Еуропаға өтетін Жібек жолы экономикалық белдеуі де Қазақстан арқылы өтеді [3].

Қытай Қазақстанға белсенді түрде инвестиция салуда. 2019 жылы ауыр өнеркәсіп, энергетика, ауыл шаруашылығы және Қазақстанның қаржы секторындағы 55 қытайлық инвестициялық жоба бойынша 27,6 миллиард долларға келісімге қол қойылды. Ресей әлі де Қазақстанға негізгі экспорттаушы болғанымен, жағдай біртіндеп Қытайдың пайдасына шешіліп келеді. Санкциялар қолданылғалы бері Ресейдің Қазақстанмен саудасы 5%-ға, ал Қытаймен саудасы 36,2%-ға өсті.

Осының аясында Қытай Қазақстан үшін өзінің маңыздылығын көрсетіп, екі ел арасында саяси және экономикалық проблемалар жоқтығын алға тартқанымен, шын мәнінде мәселелер бар.

Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық белсенділігінің артуының өзіндік ерекшелігі оның миграциялық саясатымен де байланысты.

Орталық Азиядан еңбек миграциясының негізгі алушысына айналған Ресейден айырмашылығы; Қытай, керісінше, өзінің артық жұмыс күшінен Орталық Азияға жіберу арқылы құтылуды көздейді.

Дәстүрлі түрде халықаралық мигранттарды ең ірі жеткізушілердің бірі Қытай болып табылады. Орталық Азия елдерінің Қытаймен тарихи, сауда-экономикалық, этномәдени байланыстары бар, ұлы Жібек жолының дәстүрлері бүгінде жаңа технологиялық негізде қайта жаңғыруда. Қытайдан Орталық Азия елдеріне қоныс аударудың негізгі себептерінің бірі – бүгінгі таңда әлемде АҚШ-тан кейінгі екінші ірі экономика, негізгі мемлекет болып табылатын Қытайдың геосаяси және геоэкономикалық өрлеуі.

Қытай өнеркәсіп өнімдері мен тауарларын өндіруші және экспорттаушы және үнемі ресурстар мен жаңа нарықтарды жеткізуді қажет етіп отыр. Сонымен қатар, Қытай мен Орталық Азия елдерінің экономикалық мүдделері үйлесімді және бірін-бірі толықтырады. Орталық Азия елдеріне шетелдік инвестиция, ескірген инфрақұрылымды жаңғырту, ұлттық экономиканы әртараптандыру мақсатында бірлескен кәсіпорындар құру үшін технологиялар мен құрал-жабдықтар, «жасыл энергетиканы» дамытудағы ынтымақтастық, халықтың табысы төмен топтары үшін арзан тауарлар, білікті жұмыс күші (мамандар мен жұмысшылар) инфрақұрылымдық құрылыс, Оңтүстік-Шығыс Азияның энергетикалық нарықтарына теңіз арқылы қол жеткізу үшін Қытай арқылы өтетін көлік дәлізі, Ресейге қарсы тепе-теңдік және басқа геосаяси ойыншылардың ықпалы қажет. Қытай өз кезегінде Орталық Азияның табиғи ресурстарына, соның ішінде «жасыл энергетиканы» («Қашқар қақпасы») дамытуға мұқтаж, Орталық Азия аймағының транзиттік әлеуетіне мүдделі, өз тауарларының аймақтық нарығын қажет етеді, үлкен инвестициялық мүмкіндіктері бар және оларды Орталық Азияға инвестициялауға дайын.

Қытайдан Орталық Азия елдеріне мигранттар ағыны COVID-19 пандемиясына дейінгі соңғы екі онжылдықта ауқымды инвестициялар мен Орталық Азия аймағындағы серіктестермен сауданың дамуына байланысты өскені анықталды. Қытайдан келген мигранттар – мамандар, білікті және біліктілігі жоқ жұмысшылар, кәсіпкерлер, бизнесмендер. Іскерлік белсенділік пен кәсіпкерлік белсенділік жаңа жұмыс орындарын құруды, инновациялық процестерді және экономикалық өсуді ынталандырады. Қытайлық мигранттар мен кәсіпкерлер Қытай капиталына көшуде, тұтыну нарығы және Қытайдағы бизнес мүмкіндіктеріне ықпал етеді. Қытайдан келген жеке кәсіпкерлердің тікелей инвестициялары көші-қон ағынымен үйлеседі және барған сайын көбейіп келеді.

Орталық Азиядағы қытайлық кәсіпкерлердің көпшілігі қосымша құны төмен секторларда жұмыс істейді және құны төмен нарықтарды мақсат етеді.

Орталық Азия мысалында қытайлық мигранттарды қабылдаушы елдерге интеграциялаудың екі стратегиясы анықталған: біріншіден, қабылдаушы қоғаммен белсенді әрекеттестікте экономикалық белсенді қытай диаспораларын қалыптастыру тәжірибесі басым

болатын «позитивті интеграция» стратегиясы, әлеуметтік-экономикалық қызмет арқылы қабылдаушы елдердегі өмірге сәтті бейімделу; екіншіден, оқшауланған анклавтарды қалыптастыру, ұзақ мерзімді инвестициялардың болмауы, бизнестің жабылуы және оқшаулануы арқылы қабылдаушы елдердегі қытайлық мигранттардың «теріс (жабық, оқшауланған) интеграция» стратегиясы.

Қазақстанға қытайдан келетін мигранттардың басым бөлігін қазақ репатрианттары (оралмандар қазір қандастар деп аталады) құрайды.

Тәжікстан Республикасының мысалында қытайлық мигранттардың екі тобы үшін интеграциялық стратегиялардағы айырмашылықтар белгіленді. Бірінші топ – бизнес-иммигранттар (инвесторлар), жоғары білікті мамандар, «позитивті интеграция» стратегиясы негізінде қабылдаушы қоғамға интеграцияланатын, ел экономикасына инвестиция салатын, жергілікті халыққа ашық топ болып табылатын шаттл-мигранттар (көпестер). сыртқы бизнес жағдайларына тез бейімделетін қоғамдастық экономикалық және әлеуметтік-мәдени белсенділіктің жоғары дәрежесіне ие. Екінші топ – «теріс (жабық, оқшауланған) интеграция» стратегиясы негізінде Тәжікстандағы өмірге бейімделген, жабық елді мекендерде тұратын, жергілікті халықпен іс жүзінде ешқандай сыртқы байланысы жоқ, елге жұмыс берушілер арқылы ұйымдасқан кіру арналарын пайдаланатын қытайлық еңбек мигранттары. Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы заманауи қарым-қатынастардың дамуында бес кезеңді бөліп көрсетуге болады: бірінші кезең – 1992 жылдан 2001 жылға дейін – шекара мәселелері мен қауіпсіздік мәселелерін шешу, сыртқы сауда саласында алғашқы байланыстарды орнату, тікелей екі жақты сауда-экономикалық байланыстар орнату. Екінші кезең – 2002-2005 жылдар – ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа көшу, Қытайдың аймақтағы экономикалық қатысуын құру; үшінші кезең – 2005-2009 жылдар аралығында – Орталық Азия елдерінің ұлттық экономикасының ірі секторларын енгізе отырып, стратегиялық серіктестікті құру; төртінші кезең – 2009-2015 жылдар аралығында – ірі бірлескен жобаларды жүзеге асыру (негізінен мұнай мен газ), Орталық Азия елдерінің ұлттық экономикасында Қытайдың позициясын нығайту; бесінші кезең – 2015 жылдан қазіргі уақытқа дейін – Жібек жолы экономикалық белдеуі аясындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейтіп, тереңдетеді [4].

Соңғы жылдары Қытай Орталық Азияда өзінің имиджін жақсартуға бағытталған жан-жақты ақпараттық саясат жүргізе бастады. Қытай Орталық Азияда мәдени ықпалын кеңейті мақсатында да біраз жұмыстар атқару үстінде. Пандемияға дейін білім мен мәдениетке бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде өткізіліп, студенттер мен журналистер үшін шәкіртақылар бөлінді, шенеуніктерге сапарлар ұйымдастырылды. Бұл шаралар пандемияға дейін Қытайда білім алуға, тіл үйренуге және қытай мәдениетін сезінуге құштар жастар арасында сәтті өтті.

Қытай мен Орталық Азия арасындағы гуманитарлық алмасу бағыты көптеген жобаларды жүзеге асырған: Конфуций институттары, Шанхай ынтымақтастық ұйымының университеттері, университеттер арасындағы студент алмасу бағдарламалары және т.б. білім саласындағы ынтымақтастық негізгі болып табылады. Оның мақсаты Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы **мәдени алмасуды** нығайту, құру жоғары деңгейдегі гуманитарлық алмасу механизмі және адамзат тағдыры ортақ қоғамдастық құру [5].

Білім саласындағы ынтымақтастық гуманитарлық алмасудың маңызды бөлігі болып табылады. Конфуций институттары Қытай мен Орталық Азия арасындағы маңызды көпір болып саналады. Олар тек платформа емес Қытай мен Орталық Азия арасындағы білім саласындағы ынтымақтастық үшін, сонымен қатар түрлі гуманитарлық алмасулар мен мәдениетаралық коммуникациялар алаңы. Енді Конфуций институттарында білім мен мәдениетке гуманитарлық алмасудың басқа салаларымен өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін жаңа мүмкіндіктер бар [6].

Орталық Азиядағы Конфуций институттарының қазіргі жағдайы және жалпы сипаттамасын жасайтын болсақ, Конфуций институттары коммерциялық емес білім беру орталықтары болып табылады. Қытай мен елдер арасындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында құрылған институттар Орталық Азия елдері тұрғындарының қажеттіліктерін қанағаттандыруға тырысады қытай тілін үйренуге жол ашады [7].

Конфуций институттары Орталық Азия халықтарына жағымды хабарларды арттырып қана қойған жоқ, Қытай тілі мен мәдениеті туралы кең мағлұмат береді. Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы білім мен мәдениет сонымен бірге ынтымақтастықты нығайтты.

Ханбанның (Конфуций институтының штаб-пәтері) жылдық есебіне сәйкес, 2020 жылдың соңына қарай әлемнің 162 елі (аймақтарында) 541 Конфуций институты және 1170 Конфуций аудиториясы жұмыс жасайды. Атап айтқанда, қазірдің өзінде Қазақстанда бес Конфуций институты, Қырғызстанда төрт, Тәжікстан мен Өзбекстанда екіден Конфуций институты құрылды [8]. Конфуций Институттары мәдени-ағартушылық саланы дамытуға ғана емес, ОА қытайшыл саяси элитаны қалыптастыру міндетін қойып отыр.

Қытайдың Орталық Азиядағы стратегиясы оның қауіпсіздікті түсіну негізінде қалыптасады – Бейжің аймақ мемлекеттеріндегі ықтимал тұрақсыздық сепаратистік көзқарастарымен танымал Қытай Шыңжаңдағы шиеленістің күшеюіне ықпал етуі мүмкін деп қорқады.

ҚХР Азиядағы аймақтық қауіпсіздікке қауіп төндіретін қауіп-қатерлерге ШЫҰ шеңберінде ғана емес, Ауғанстан, Пәкістан, Тәжікстан сияқты елдермен мемлекетаралық ынтымақтастық деңгейінде де қарсы тұрады. Олармен Қытай барлау ақпараттарымен алмасу және оқытудың төртжақты механизмін құруға келісті.

Батыс елдері Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданындағы мұсылман халқының жағдайына байланысты Қытайды сынауды күшейтуде. Бейжің үшін саясаты негізінен Батысқа қарап қалыптасатын Қазақстанның бұл мәселеде Қытайды қолдауы өте маңызды. Шыңжаңда ұйғырлар ғана емес, 1,5 миллионнан астам, яғни облыс халқының 7 пайызын құрайтын қазақтар да репрессияға ұшырады. Қазақстан билігі қытайлық «қайта тәрбиелеу лагерлеріне» түскен өз азаматтарын құтқаруға тырысып жатыр.

Бүгінгі таңда Қытай-Орта Азия қарым-қатынастарында орын алып отырған кейбір мәселелерге қарамастан, Қытайдың Орталық Азия елдеріне қатысты стратегиясы одан әрі дамудың экономикалық ынтымақтастық және өзара ынтымақтастық арқылы саяси тұрақтылықты сақтау саясатында жатыр. Орталық Азия елдері де дәл осындай принцип ұстанады.

#### **Пайдаланған әдебиет тізімі:**

1 Страны и регионы мира в мировой политике? В двух томах. Т. 2. Азия и Африка / Под ред. В.О. Печатнова, Д.В. Стрельцова. – М.: Издательство «Аспект-Пресс». 2021. 368 с.

2 XX съезд Компартии Китая: основные итоги 28 октября 2022 <https://russiancouncil.ru/analytics-and-comments/analytics/khkh-sezd-kompartii-kitaya-osnovnye-itogi/> дата обращения 26.03.2023.

3 Трифонов Е. Китай укрепляется в Казахстане <https://www.vedomosti.ru/opinion/columns/2022/09/19/941390-kitai-ukreplyaetsya-v-kazahstane> дата обращения 09.04.2023

4 Вазиров З. К. Китайская миграция в страны Центральной Азии: тенденции и социально-демографические последствия // Автореферат диссертаций. –М.: 2021. <https://www.dissercat.com/content/kitaiskaya-migratsiya-v-strany-tsentralnoi-azii-tendentsii-i-sotsialno-demograficheskie-posl> дата обращения 9.04.2023.

5 Валеев Р. М., Кадырова Л. И. Гуманитарное сотрудничество Китайской Народной



Республики и Республики Казахстан в сфере образования (1990-2000-е гг.) //Вестник Казанского государственного университета культуры и искусств. – 2015. – №. 1.

6 Тянь Е. Взаимоотношения Китайской Народной Республики и Республики Казахстан на примере сотрудничества в сфере образования //Международные отношения. –2018. – №. 4.

7 Штаб-квартира сети Институтов Конфуция. Годовой отчет по развитию Института Конфуция 2018. // Пекин, 2018, с 68.

8 Чу Чэнчэн. Институты Конфуция и их деятельность в странах Центрально-Азиатского региона // Социально-гуманитарные знания. М.: ООО "Издательство "Кнорус", 2022. - С. 282-289.

## ИЗ ИСТОРИИ ТРАНСПОРТНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И КИТАЙСКОЙ НАРОДНОЙ РЕСПУБЛИКИ НА ПРИМЕРЕ СТРОИТЕЛЬСТВА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ ВЕТКИ «ДРУЖБА - АЛАШАНЬКОУ»

*Ерниязов Дамир Каржауович<sup>1</sup>,  
damir1968@mail.ru*

**Түйін:** *Бұл мақалада ХХ ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан мен Қытайдың көлік құрылысы саласындағы аймақтық ынтымақтастығы тарихы қарастырылған. Атап айтқанда, «Дружба-Алашанькоу» Трансазиялық теміржол учаскесінің құрылысы толығырақ қарастырылуда.*

**Аннотация:** *В данной статье рассматривается история регионального сотрудничества между Казахстаном и Китаем во второй половине ХХ века в сфере транспортного строительства. В частности более подробно рассмотрено строительство участка Трансазиатской железной дороги «Дружба-Алашанькоу».*

**Annotation:** *This article discusses the history of regional cooperation between Kazakhstan and China in the second half of the twentieth century in the field of transport construction. In particular, the construction of the section of the Trans-Asian railway "Druzhba-Alashankou" is considered in more detail.*

**Кілтті сөздер:** *көлік, саясат, Алашанькоу, Достық, Қазақстан, Қытай, тарих.*

**Ключевые слова:** *транспорт, политика, Алашанькоу, Дружба, Казахстан, Китай, история.*

**Keywords:** *transport, politics, Alashankou, Friendship, Kazakhstan, China, history.*

Сотрудничество Республики Казахстан с Китайской Народной Республикой в области транспорта имеет давние корни. Одним из таких примеров можно привести период, когда Казахстан, тогда еще Казахская ССР был в составе Советского Союза и наряду с другими республиками СССР оказывал действенную помощь КНР в восстановлении народного хозяйства после Второй мировой войны, освободившейся от японской оккупации. В этот

---

<sup>1</sup> Старший преподаватель Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева, кандидат исторических наук, Астана, Казахстан.